

МРНТИ: 15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.45>

Букешова С.С.¹, Буйембаева Ш.Б.², Сәлімбаева Ш.О.², Абдрахманова А.Т.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан, bukeshovas@mail.ru

²М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз, Қазақстан, buyembaeva@mail.ru, salimbayeva32@mail.ru, aigul_isafina@bk.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭМОЦИЈАЛЫҚ КҮЙІНЕ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТІ МАНДАЛА ТЕРАПИЈАСЫ АРҚЫЛЫ ӘСЕР ЕТУДІҢ ТЕОРИЈАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Ғылыми мақаланың мазмұны жасөспірімдердің эмоциялық күйін сипаттап, оны жақсарту мақсатында изо терапия әдісі саналатын мандала терапиясының мәні мен мағынасын ашуға бағытталған. Бұл мақаланың ерекшелігі мандала терапиясының жаңа үлгісі – ұлттық нақышта ұсынылуы. Терапияда қолданылатын дөңгелекті негізге ала отырып, ондағы белгілер мен таңбаларды қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен алмастыру ұсынылады. Себебі ұлттық оюлардың мағынасы тым терең және оның психологиялық көмегі болары анық. Ұлттық ою-өрнектердің сакральды құндылығын тиімді пайдаланып, жасөспірімдердің эмоциялық күйін жақсарту барысында ұлттық мұра мен мәдениетке деген сүйіспеншілікті арттыру көзделген. Ғылыми мақала этнопсихология саласындағы тың жаңалықтың болуын көздейді. Мандала терапиясының эмоциялық күй мен тұлғалық дамуға әсер ететіні белгілі, ал онда ұлттық оюлардың тиімді пайдаланылуы қазіргі қазақ психологиясындағы жаңалық бола білмек. Тұрмыста пайдаланылатын ою-өрнектердің әрқайсысының өзінің мағынасы және мәні бар. Оны жасөспірімдерге түсіндіріп, терапиялық бағытта пайдаланған дұрыс.

Түйін сөздер: эмоциялық күй; жасөспірімдер; мандала терапиясы; ою-өрнектер; этнопсихология.

Букешова С.С.¹, Буйембаева Ш.Б.², Сәлімбаева Ш.О.², Абдрахманова А.Т.²

¹Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби
Алматы, Казахстан, bukeshovas@mail.ru

²Таразский региональный университет им.М.Х.Дулати
Тараз, Казахстан, buyembaeva@mail.ru, salimbayeva32@mail.ru, aigul_isafina@bk.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ВЛИЯНИЯ МАНДАЛОТЕРАПИИ С ЭЛЕМЕНТАМИ НАЦИОНАЛЬНОГО ОРНАМЕНТА НА ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ СОСТОЯНИЕ ПОДРОСТКОВ

Аннотация

Содержание научной статьи направлено на описание эмоционального состояния подростков и раскрытие сущности, смысла терапии мандалой, которая считается методом изо-терапии с целью ее улучшения. Особенностью данной статьи является представление новой модели мандалотерапии в национальном стиле. На основании круга, используемого в терапии, рекомендуется заменить на нем знаки и символы казахским национальным орнаментом. Потому что национальный орнамент слишком глубок в своем смысле, и очевидно, что он окажет психологическую помощь. При эффективном использовании сакральной ценности национального орнамента, улучшении эмоционального состояния

подростков предусматривается привитие любви к национальному наследию и культуре. Научная статья предполагает наличие новых знаний в области этнопсихологии. Мандалотерапия влияет на эмоциональное состояние и личностное развитие, а эффективное использование национального орнамента в ней, как известно, является новшеством современной казахской психологии. Каждый из орнаментов, используемых в быту, имеет свое значение и смысл. Лучше объяснить это подросткам и использовать его в терапевтическом направлении.

Ключевые слова: эмоциональное состояние; подростки; мандалотерапия; декорации; этнопсихология.

Bukeshova S.S.¹, Buyembaeva Sh.B.², Salimbayeva Sh.O.², Abdrakhmanova A.T.²

¹ *Al-Farabi Kazakh National University*

Almaty, Kazakhstan, bukeshovas@mail.ru

² *Taraz Regional University named after M.H. Dulati*

Taraz, Kazakhstan, buyembaeva@mail.ru, salimbayeva32@mail.ru, aigul_isafina@bk.ru

THEORETICAL ASPECTS OF THE INFLUENCE OF MANDAL THERAPY WITH ELEMENTS OF NATIONAL ORNAMENT ON THE EMOTIONAL STATE OF ADOLESCENTS

Abstract

The content of the scientific article is aimed at describing the emotional state of adolescents and revealing the essence, meaning of mandala therapy, which is considered a method of iso-therapy to improve it. A feature of this article is the presentation of a new model of mandal therapy in the national style. Based on the circle used in therapy, it is recommended to replace the signs and symbols on it with the Kazakh national ornament. Because the national ornament is too deep in its sense, and it will provide psychological help. With the effective use of the sacred value of the national ornament, improving the emotional state of adolescents, it is planned to instill a love for the national heritage and culture. The scientific article assumes the presence of new knowledge in the field of ethnop psychology. Mandalotherapy affects the emotional state and personal development, and the effective use of the national ornament in it, as is known, is an innovation of modern Kazakh psychology. Each of the ornaments used in everyday life has its meaning and meaning. It is better to explain this to teenagers and use it in a therapeutic direction.

Keywords: emotional state; teenagers; mandal therapy; scenery; ethnop psychology.

Кіріспе: Тақырыптың өзектілігі жүйелі түрде жасөспірімдердің эмоциясынан бастап, эмоциялық күйіне дейін сатылай талдау жұмысы жасалды. Жеткіншектердің эмоциялық күйін тұрақтандыру мақсатында мандала терапиясын, нақтылай келгенде ұлттық ою-өрнектермен қанықтырылған мандала терапиясын пайдалану көзделіп отыр. Қазіргі жасөспірімдердің эмоциялық күйітұрақты еместігі және оларға кешенді көмек қажеттігі бүгінгі күннің жас ерекшелік психологиясында өзекті мәселе болып отыр. Алмандала терапиясы кеңес беру психологиясын және арт терапиялық мақсатта эмоция әсер ете отырып пайдаланылатыны жаңалық емес. Мақаланың негізгі жаңалығы ондағы элементтерді ұлттық ою-өрнектермен алмастыру болып отыр. Қазақ халқының әрбір өрнегі терең мағынамен астарланған. Сол мәнділікті этнопсихология саласында ұтымды пайдала білу де өзектілікті айқындай түспек.

Ғылыми жұмыс мәнділігі психологияның бірнеше тармақтарын қамтып өтпек. Атап айтқанда: кеңес беру психологиясы, арт терапия, жасерекшелік психологиясы. Жасөспірімдердің эмоциялық күйін жақсарту мақсатында қолданылғалы тұрған ұлттық

өрнекті мандала терапиясы этнопсихология саласындағы жаңалық әрі психология саласындағы ерекшелік бола білмек.

Ғылыми жұмысты жүргізудегі мақсат эмоциялық күй турасындағы теориялық мәліметтерді ұсына отырып, ұлттық ою-өрнектерді тереңнен зерттеп, қазақ ұлтына тән эмоциялық күйді жақсартуға арналған құрал ұсыну.

Негізгі бөлім: Жасөспірімдік шақты еске алғанда сол жастағы адамдардың тезқозып, ашуланып, көңіл-күйі құбылып, эмоцияға тез беріліп кететін кезеңі екені еске түседі. Эмоциялық реакциялардың кейбір ерекшеліктері гормондық және физиологиялық үрдістерге тікелей байланысты. Физиологтар жасөспірімдердің психикалық тұрақсыздығы мен көңіл-күйінің бірден құбылуын пубертантты кезеңдегі шартты тежелудің жалпы қозуы және бәсеңдеуімен байланыстырады.

Алайда, эмоциялық реакциялар мен жасөспірімдердің мінез-құлқын тек гормондық тұрғыдан түсіндіру аздық етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік факторлар мен тәрбиелеу шарттары өз әсерін тигізеді.

Эмоциялық құбылудың алғашқы себертерінің бірі отбасындағы эмоциялық-психологиялық жай-күй болып табылады. Ол неғұрлым тұрақсыз және шиеленісті болса, соғұрлым жасөспірімнің эмоциялық тұрақсыздығы жарқын байқалатын болады. Көңіл-күй құбылуы мен жүйке бұзылыстары амплитудасы қаншалықты көп болса, соншалықты тұлғалық мінез акцентуациясының дамып, психопатияға ұласу ықтималдығы жоғарылайды. Есеюдің психологиялық қиындықтары және «Мен» бейнесінің ығыстырылуы салдарынан болған эмоциялық шиеленістің жасөспірімдік шақтан жастық шақта да қалып қоюы мүмкін екендігін көрсетеді [1, б.54].

Эксперименттік нәтижелерге сүйенсек жасөспірімдерде болатын мазасыздықтың артуы қатарластарымен қарым-қатынастың салдарынан орын алады. Жоғары сынып оқушылары ата-анасы немесе өздері тәуелді болған ересектермен қарым-қатынасқа түскенде жиірек мазасызданатыны байқалды.

Жасөспірімдік кезеңде адамдар өздерін ерекше санап, өзгелермен болған келеңсіздіктер оларды айналып өтетіндей болып көрінеді. Сондықтан да, олар ештеңеден қорықпайтын және тәуекелшіл болып келеді.

Жеткіншектерге тән қырлардың қатарында тітіркенгіштік және қозуға бейімділік бар. Физиологтар мұны жыныстық жетілумен жиі байланыстырады. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ерекшеліктердің бірі әлсіз стимулдарға эмоциялық тұрғыда жауап беріп, күшті стимулдарды жауапсыз қалдыру болып табылады [2, б.98].

Осы кезеңде қыздардың бойында көңілшектік және көз жасына ерік беру, реншігіштік байқалады. Ал ұлдардың бойында қозғалысқезіндегі белсенділік байқала бастайды. жасөспірімдердің бойында болатын эмоциялық өзгерістер осындай. Тіпті олар бір орында отырса да қолы, аяғы немесе денесі мен басы үнемі қозғалып тыныштық таппайды.

Ағзаның физиологиялық қалыптасу кезінде қажу байқалады. Бір қарағанда белсенді болғанымен, бірденнен шаршап, ұйқыға тартатын өзгерістері пайда болады.

16 жасқа келгенде жүйке жүйесі тұрақтала бастайды. Ережеге сәйкес, ересектер жасөспірімдерге қарағанда аз тітіркенетін және оптимисті болып келеді [3, б.110].

Жасөспірімдердің өмірінде эмоционалды тұрғыда маңызды көрсеткіш олардың сырт келбеттері екендігі анықталып отыр. Олар өздерінің вербалды емес мимикаларын және пантомимикаларын тексеріп, зерделеп қарау мақсатында айнаның алдында тым көп уақытын өткізеді. Жасөспірімдер өздерінің кім екендерін біліп, өмірден өз орындарын табуға ұмтылу мақсатында ересектерге еліктей бастайды. Ал мұның барлығы олардың эмоциялық күйіне едәуір әсерін тигізеді [4, б.15].

Эмоциялық күйдің пайда болу механизмдерін зерттеу психология саласының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Себебі эмоциялық күй тұлғаның өмірде өз орнын табу және өмір сүру сапасын арттыру үшін маңызды аспект болып саналады. Дәлосы тақырыпта

зерттеу жұмыстарын жүргізген Е.П.Ильин, В.Виллюнас, А.О.Прохоров, Л.В.Куликов, Н.Д.Левитов сынды ғалымдар эмоциялық күйді тек ақпараттық-эмоциялық алмасу көзі ретінде ғана емес, адамның мінез-құлқының бағыты ретінде де сипаттайды.

Жасөспірімдердің эмоциялық күйі мынадай ерекшеліктермен сипатталады: эмоциялық кернеу мен шиеленістің, психологиялық стресстің жылдам пайда болуы, көңіл-күйдің өзгергіштігі, аффективті күйдің жиі көрініс табуы, олар құштарлықтың еркіне тезберіледі, жеткіншек өз эмоцияларын жібермей ұстап шексіз «эмоциялық шеңбердің» ішінде қалып қояды. Ал жоғары сынып оқушыларының бойында мазасыздық деңгейі өзгелермен салыстырғанда өте жоғары, өздерін жиі кінәлай бергендіктен фрустрация сынды эмоциялық күйге душар болады. Соған қарамастан олар негативті эмоцияларға қарағанда, қуанышты сезінуге жиі бейім болады [5, б.22].

Жасөспірімдердің эмоциялық күйін анықтау мақсатында Алматы қаласының №133 орта білім беру мектебінің 9 сынып оқушыларымен Айзенктің «Психикалық күйлердің өздік бағалауы» тесті және қай эмоция жетекші екенін білу үшін К.Изардтың «Дифференциялық эмоциялар шкаласы» жүргізілді. Қатысушылар саны 25 оқушыны құрайды.

«Психикалық күйлердің өздік бағалауы» тесті бойынша нәтижелер төмендегі көрсеткіштерді береді.

Белгісіз бір қауіпті сезініп күдіктенетін, ұйқысы тыныш емес, тек санасында ғана орын алатын үрейге бейім, көңілсіздік, сенгіштік, қиындықтардан қорқатын оқушылар қобалжудың жоғары деңгейінде екені анықталды. Мұндай оқушылардың пайыздық көрсеткіші – 44%.


Орташа қобалжудеңгейін – 8 (32%) оқушы көрсетіп отыр. Олар қалыпты деңгейде сабырлы және қажет кезінде белсенді бола білетін оқушылар. Алайда, жағдайға қатысы жоқ кенеттен болатын уайымшылдық пен мазасыздыққа бейім келеді.

Эмоцияларын және сезімдерін тежеп ұстайтын, белсенді, көңілді оқушылар саны – 6. Бұл қобалжудың төмен деңгейін көрсеткен сыналусылар. Олар жалпы көрсеткіштің 24%-ын құрап отыр.

Фрустрацияның жоғары деңгейін көрсеткен сыналусылар үлесі -36%. Фрустрацияның жоғары деңгейін көрсететін жасөспірімдер көп жағдайды көңілі қалушылық, мазасыздану, тітіркену және шарасыздық күйлерін бастан кешіреді. Олар көбінесе өздерін қорғансыз сезініп, сәтсіздіктерде көңілі түсетінін, қиын сәттерде оларды аяп, қолдау көрсетуді қалайтындарын жеткізді.

Орташа деңгейлі фрустрациялық күйді бастан өткеретін жасөспірімдер өздерін кейде әдейі бала секілді ұстап, сәтсіздік кезінде көңілі түсіп, өзгелердің оларды мүсіркегенін қалайды. Мұндай күйдегі оқушылар саны – 9.

Өзіндік бағалауы жоғары, сәтсіздіктер мен келеңсіздіктерден қорқатын оқушылардың пайыздық көрсеткіші – 28%. Бұл фрустрацияның төменгі деңгейін көрсетушілер.



1-сурет. «Психикалық күйлердің өздік бағалауы» тестінің нәтижелері

К.Изардың «Дифференциялық эмоциялар шкаласы» бойынша жасөспірімдер төмендегі эмоцияларды жиірек сезінетіні анық болды: көңілсіздік, қобалжу, зейіннің тұрақсыздығы, жинақылық, ләззат алу, бақыт, қуаныш. Ал керісінше таңдану, тамсану, жеңіліс, ашу, ессіздік, ұнамсыздықты сезіну, жиіркеніш, жексұрындық, қорқыныш, шошыту, дүрбелеңдік, ұялы және ұяндық, өкініш, кінә, шоғырланушылық, қайғы сезімдік күйлерін сирек сезінеді.

Жасөспірімдердің мәселесі бойынша үш негізгі топты бөліп көрсетуге болады.

Бірінші топ – жоғары мазасыздық деңгейін көрсеткен жеткіншектер, олар көңілсіздік, ұялшақтық және мәселеден қорқу сынды эмоциялық күйде жиі болады. Мұндай топпен өзіндік бағалауды жоғарылату, эмоциялық тұрақтылық деңгейін жоғарылату, өзіне сенімділікті қалыптастыру, жарақаттану кезінде өзімен жұмыс жасай білу дағдылары, қорқынышты төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуі тиіс. Екінші топ – фрустрация деңгейі жоғары топ, олардың бойында қозу, ашу, кінә, қорқу, көңілсіздік, сыну сияқты эмоциялық күйде болады. Мұндай топ өкілдерімен қиындықтарды дұрыс түсіну және қабылдау, фрустрацияның пайда болуының негізгі себептері және оны жасөспірімдерге түсіндіру бойынша, мінездің ерік-жігер күші, төзімділік және өзін-өзі басқара білу бойынша жұмыстар жүргізілуі қажет. Үшінші топ – фрустрациялық күй және жоғары деңгейдегі мазасыздық көрсеткен жасөспірімдер. Олар ұялу, көңілсіздік, қиындықтардан қорқу, өзіне деген сенімсіздік, шарасыздық күйін сезінеді. Бұл топпен мынадай профилактикалық жұмыстар жүргізілуі керек: жеке және ситуациялық мазасыздық деңгейін төмендету, эмоциялық тұрақтылықты жоғарылату, өзіне сенімділікті дамыту, өзіндік бағалауды жоғарылату, қорқынышты төмендету, өзіндік анализді қалыптастыру, бұлшық еттік және эмоциялық кернеуді төмендету.

Жасөспірімдердің эмоциялық күйі туралы зерделей келе, оны жақсарту үшін арт терапиядағы танымал әдіс мандала терапиясын пайдалану ұсынылады.

«Мандала» сөзі көне үнді тілінен аударғанда «шеңбер» деген мағынаны береді. Бұл символдың өзі сакральды болып келеді. Тіпті символдың өзіне тән ерекшелігі және сиқыры бар деп сенеді. Шеңбер мистикалық, рухани және шынайы әлеммен байланыстырушы белгідеп сипатталған. Мандала шамамен 3000 жыл бұрын Үндістанның солтүстік аймағында дінге сенушілердің көмегімен ойлап табылған [6, б.36].

Мандала жасай отырып, біз өзіміздің жеке басымыздың символын жасаймыз, ол қазіргі уақытта өзімізді және нені сезінетінімізді түсінуге көмектеседі.

Біз сипаттайтын шеңбер біздің жеке басымызға тән барлық қайшылықтарды көрсетеді. Қақтығыстардың бұл көрінісі мен қабылдауы шиеленістен арылуға және тұтастыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді [7, б.69].

Шеңбердің өзі – іргелі белгі, басы мен аяғы жоқ идеалды геометриялық фигура. Сонымен қоса, барлық халықтардың мәдениетінде кездесетін жан-жақты белгі.

Батыспсихологияға мандала терапиясы – тұлға психологиясын терең зерттеген швейцариялық психолог Карл Густав Юнгтің себепші болуымен келді. Ол өзінің психоанализімен айналыса отырып, осы әдісті пайдалана бастады. Юнг шеңбер ішіндегі суреттер оның психологиялық эмоциялық күйімен бірге өзгеріп отырғанын байқады, демек бұл терапия адамның ішкі жан дүниесін көрсете алатын әдіс болып саналады.

К.Г.Юнг мандала терапиясына ғылыми көзқараспен қараған алғашқы ғалым болып саналады. Ол алғашқы мандаланы 1916 жылы жасап, кейінгі екі жыл бойы оны барынша жетілдіруге тырысты. Мандалаларды зерттей келе, ондағы суреттер адамдардың сол суретті салу кезіндегі эмоциялық күйін анық көрсете алатынын байқады. Ғалым бұл әдіс арқылы адамның қорқыныштарын жеңіп, оның ішкі «әлеміне» үңілуге болатынын анықтады. Дөңгелек ішіндегі белгілер мен түстердің алуан түрлілігі терапия ретінде көмек беріп, тұлға ретінде қалыптасып, өсуіне әсер ететіні белгілі болды [8, б.41].

Ғылыми тұрғыда алғашқы мандаланың жасалып, ұсынылғанынан 100 жылдан астам уақыт өтті. Араға бір ғасыр салып мандалалардың жаңа сериясын жасап шығару идеясы туындады. Бұл мандалалардың ерекшелігі ұлттық нақышта болатындығы. Ондағы элементтер ұлттық ою-өрнектермен алмастырылмақ. Қазақ халқының күнделікті тұрмысында, әшекейлерінде және киімдерінде, жиһаздарында пайдаланатын оюлары өткен мен бүгінді байланыстыратын таңбалар болып табылады.

Қазақ ою-өрнектерінде ескі мифтер, аңыз-ертегілердегідей сан ғасырлық тарих пен сырды айқындайтын мән мен белгілер жасырылған. Бұл өрнектердің негізгі мағынасы сән беру ғана емес, қазақ халқы табиғатпен тығыз байланыста болған кезеңдерде осы ою-өрнектер қиындықтар мен қайғы-қасіреттен сақтайтын тұмар секілді қызмет атқарып, иесіне сәттілік пен бақыт әкеледі деп сенген. Демек, біз білетін оюлардың функциялық қызметі тым тереңде және оны жандандыру әлі де мүмкін болып табылады.

Ою-өрнектер латын тілінен аударғанда сәндік бұйым, әсемдік мағынасын береді. Қазақ ою-өрнектерінде әлемнің барлық халықтары үшін өзінің қайта тағайындалған және өзінің мәдениетіне бейімделген күн, жер және жұлдыздарға табынуымен байланысты шеңбер, спираль және крест түріндегі ғалам элементтерін білдіретін архетиптік мотивтер мен нышандардың әмбебап кешені бар. Сонымен қатар, біздің халқымызға ғана тән ерекше белгілер бар. Фон мен өрнектің өзара үйлесуі, қарама – қайшылықтар принципіне негізделген түс схемасы – бұл қазақ ою-өрнегінің ерекшелігі. Көбінесе оны сырмақтар мен түскиіздердің ою-өрнектерінен – аппликация әдісімен құрастырылған жүннен жасалған кілемдерден табуға болады [9, б.23].

Ежелгі уақытта ою-өрнек салттық мәнге ие болды. Мысалы, қазақтарда күн, ай, аспан символдары бар күн шеңберлері бар қола және күміс тұмарлар болды. Әшекейленген тұмар сиқырдың белгісі, бақыт пен өркендеудің символы, діни идеялардың нышаны болды. Барлық дерлік ою-өрнектер өз уақытында белгілі бір жолмен «оқылды». Кестелерге қолөнершілер белгілі бір мағына берді.

Әр түрлі мотивтер бойынша ою-өрнектердің жіктелуі арнайы шартты белгілерге сүйене отырып жасалды. Космогониялық, зооморфты және гүлді әшекейлер бір-біріне оңай икемделіп, әр түрлі болады және өзгереді, олардың қолөнершілерінің қиялының арқасында ырғақ, айна симметриясы және көптік заңдарына бағынады.

Зооморфтық ою-өрнектер: мысалы, «қошқар мүйіз» - қазақтың кең тараған ою-өрнектерінің бірі. Бұл әртүрлі жолдармен түсіндіріледі: 1) көшпелі тайпалардың жетекші саласы – мал шаруашылығы болды, ал қошқар, жылқымен қатар көшпенділер арасында

ерекше құрметке ие болды; 2) Исламның адамдардың бейнесіне тыйым салуы; 3) пұтқа табынушы тайпалар мен олардың мәдениеттерінің санасын біріктіретін архетиптік бейнелер. Скиф және түркі мифологиясында мүйізді жануарлар – арқар мен қошқар, жылқымен бірге ғаламның жоғарғы бөлігін бейнелейтін аспан кереметімен байланысты болды. Осылайша, жануарлардың мүйіздері Құдайдың жоғарғы бастамасын бейнелей алады. Жануарларда доғалы және спираль тәрізді мүйіздердің болуы аспан адамдарға қызмет ету үшін жіберген бейбітшілік сүйгіш жануарлар ретінде олардың таңдауының Құдайдың белгісінің тағы бір дәлелі ретінде қабылданды.

Космогониялық- қазақ ою-өрнегінің космогониялық мотивтері, бәлкім, ежелгі тайпалар мен халықтардың мәдениеттерінде пайда болған ең ежелгі өрнектердің қатарында шығар. Оларға күнді бейнелейтін «дөңгелек» – күн шеңбері; «төрт құлақ» – айқастырма, әлемнің төрт бұрышын бейнелейді; «шимай» – ежелгі сақтар заманынан бері әлемдік кеңістік пен мәңгілік қозғалысты бейнелейді және т.б.

Өсімдік тектес ою-өрнектерге: жапырақ тәріздес, жауқызын, үшжапырақты, бүршік түріндегі элементтер жатады. Гүлдер мен олардың өрімдері қазақ ою-өрнегінде бірлік, даму және өзара байланыс ұғымдарын ашады. Өсімдікті-гүлді өрнектер құнарлылық, мәңгілік жаңару және өсу, жаңғырған өмір, молшылық идеяларымен тығыз байланыстырылған. Олар көбінесе түскиздегі кесте өрнектерінде, киімде және тұрмыстық заттарда қолданылады.

Геометриялық оюлар: Марат Сәбитұлы Мұқанов өзінің әйгілі және беделді «Қазақ киіз үйі» кітабында қазақ ою-өрнектерінің геометриялық түрлері, әсіресе мейандр тәрізді және көп қырлы фигуралы, мысалы: ромбтар, зигзагтар, тұмарша үшбұрыштары тоқылған және өрілген бұйымдарда жетекші болып табылады деп жазады. Ою-өрнектің бұл түрі осы бұйымдарды жасау технологиясымен байланысты. Әр түрлі сызықтар: түзу, толқынды, спираль тәрізді, тізбек түрінде, сым, олардың көмегімен сәндік композициялары жасалады. Олар сәулет декорында, кілемде, ағаш пен тастан жасалған оюларда, былғарыдан жасалған өрнектерде кеңінен қолданылады. Осылайша, өнімнің материалы мен технологиясы ою-өрнектің стилі мен үлгісіне әсер етеді [10, б.46].

Жоғарыда көрсетілген ою-өрнектер классификациясы қазақ ұлтының бай мәдениетінің кішігірім бөлшегі ғана. Ал толыққанды оны мандала терапиясында пайдалану жасөспірімдердің эмоциялық күйін жақсартуға әсерін тигізе алары сөзсіз.

Қорытынды: Ғылым да технология да тіпті тұлғаның даму ерекшелігі де заман талабына сай өзгеріске ұшырап отырады. Соған сәйкес ғасыр бұрын пайда болған әдістерді ұлттық нақышта икемдеу және оны қолданысқа енгізу этнопсихологияның да қатарласа дамуына өз септігін тигізеді. Ұлттық ою-өрнектердің терең мағынасын және мәдениетіміздің киесі мен мәнін психология саласында өз ұрпақтарымыздың эмоциялық күйін жақсарту мақсатында пайдалану ұтымды болмақ. Эмоциялық күйін жақсарту барысында өскелең ұрпақтың бойында ұлттық мәдениет пен қазақ халқының өмірі мен құндылықтарына ерекше махаббатты оятып, ата текке деген құрметті қалыптастыру ықтималдығы жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Kellog D. *Mandaly v art-terapu // Diagnostika v art-terapu: Metod «Mandala». 3-e izd. / pod red. A.I. Kopytina. M.: Psihoterapua, 2011. 144 s.*

[2] Kellog D., Mak Re M., Bonni H., Di Leo F. *Ispolzovanie mandaly v psihodiagnostike i psihoterapu // Diagnostika v art-terapu: Metod «Mandala». 3-e izd. / pod red. A.I. Kopytina. M.: Psihoterapua, 2011. 144 s.*

[3] Kopytin A.I. *Teorua i praktika art-terapu. SPb.: Piter, 2002. 368 s.*

[4] Kellog D. *Ritýalnoe ispolzovanie mandal v drýgih kýltýrah // Diagnostika v art-terapu: Metod «Mandala». 3-e izd. / pod red. A.I. Kopytina. M.: Psihoterapua, 2011. 144 s. № 45 Sibirsku psihologichesku jýrnal 2012 g. 54*

[5] Nemov R. S. *Psihologua (slovar- spravochnik) tom 2 M., «Vlados» - 2003g.*

[6] Fallowfield L., Ford S., Lewis S. No news is not good for news: information preferences of patients with cancer // *Psycho-oncology*. 1995. № 4. R. 197–202.

[7] Greer S., Baruch J.D.R. et al. Adjuvant psychological therapy for patients with cancer: a prospective randomized trial // *British Medical Journal*. 1992. № 304. R. 675–680.

[8] Viliýnas V. *Psihologua emotsu: hrestomatua*. – Sankt-Peterbýrg: Piter, 2004. – 496 s.: il. – (Hrestomatua po psihologu).

[9] Ilin E.P. *Emotsu i chývstva*. -SPb: Piter, 2001. - 752 s: il. - (Serua «Mastera psihologu»).

[10] Kazanskaia V.G. *Podrostok: trýdnosti vzrosleniia: kniga dlia psihologov, pedagogov, roditelei*. – 2-e izdanie, dopolnennoe. – Sankt-Peterbýrg: Piter, 2008. – 283 s.